№51 (8567)
18 желтоқсан 2025 жыл
БЕЙСЕНБІ
Аптасына 1 рет шығады

Индер аудандық қоғамдық-саяси газет
# Дендер
www.dender.kz

*Жұмыспен қамту

# БАҚЫЛАУДАҒЫ БАСТЫ МӘСЕЛЕ



**ЕҢБЕККЕ ЖАРАМДЫ ХАЛЫҚТЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІНЕ МЕМЛЕКЕТІМІЗ ҚАШАНДА МҮДДЕЛІ. БҰЛ МӘСЕЛЕ ӘР ЖОЛДАУДА НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛҒАН ДА, ҚАЛМАҚ ТА ЕМЕС. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТІ ОРЫНДАУДА ЖЕРГІЛІКТІ БИЛІК, ТИІСТІ ОРГАНДАР МҮМКІНДІК ДЕҢГЕЙІН САРАЛАЙ ОТЫРЫП ЖОСПАР ЖАСАҚТАП, ЕКІ ҚОЛҒА БІР КҮРЕК ТАУЫП БЕРУГЕ ЖҰМЫСТАНУДА. ОСЫ МАҚСАТТА ТҮРЛІ БАҒДАРЛАМАЛАР АЯСЫНДА ОҚЫТАТЫНДАРЫН ОҚЫТЫП, КӘСІП АШАМЫН ДЕУШІЛЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІП, БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАР ЖӘРМЕҢКЕСІН ӨТКІЗІП, МЕРЗІМДІК ЖҰМЫСҚА ДА ЖОЛДАП-АҚ ЖАТЫР. ТЕК МАСЫЛДЫҚ ҚАМЫТЫНАН АУЛАҚ БОП, ЕҢБЕК ЕТУ ҒАНА КЕРЕК.**

(Жалғасы 4-бетте)

*Бәрекелді!

# БАЛАБАҚША ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

**АҚҚАЛА АУЫЛЫНДАҒЫ 90 ОРЫНДЫҚ БАЛАБАҚША БҮЛДІРШІНДЕРДІ ҚАБЫЛДАП БАСТАДЫ. АҚҚАЛАЛЫҚТАРДЫҢ АРМАН-ТІЛЕГІ ОРЫНДАЛЫП, АУЫЛДАҒЫ 90 ОРЫНДЫҚ БАЛАБАҚША КІШКЕНТАЙ БҮЛДІРШІНДЕРГЕ ЕСІГІН АЙҚАРА АШТЫ.**



Алдымен аудандық білім бөлімінің басшысы Орынша Ділмұқашева ауыл тұрғындарын айтулы күнмен құттықтап, балабақшаға жауапты Елтай ауылдық округіндегі "Қызғалдақ" бөбекжай бақшасының меңгерушісі Маркизат Утешованы таныстырып, тәрбиешілермен кішкентай бүлдіршіндерге сәттілік тіледі.

Балабақшада 4 топ жұмыс жасайды. "Бөбек" тобында 1-2 жас аралығындағы бүлдіршіндер, "Мейірім" кіші тобында 2-3 жас аралығындағы балалар, "Еркемай" тобында 3-4 жас аралығындағы балалар, "Жұлдыз" ересек тобында 4-5 жас аралығындағы балалар қабылданған. Маркизат Утешованың айтуынша, қазіргі таңда балабақшаға 58 бала жолдамамен қабылданған, әлі де қабылдау жұмыстары жүруде. Сонымен қатар 33 ауыл тұрғыны жұмыспен қамтылып отыр.

Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек, ауыл тұрғындары үшін бұл игілікті бастама болып отыр.

**Жадыра НАРИМАНҚЫЗЫ,**
сурет автордікі

*Газет және оқырман

# ЖАН СЕРІГІНЕ АЙНАЛҒАН БАСЫЛЫМ

**ЖЕЛІДЕГІ АҚПАРАТ ҚАУМАЛАҒАН ШАҚТА ІЗДЕГЕНІН БАСПАСӨЗ АРҚЫЛЫ ТАУЫП ОҚИТЫН ТҰРАҚТЫ ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗДЫҢ БІРІ – ПОЛИЦИЯ АРДАГЕРІ ХАМИ МЫСЫРОВ.**



Төл газетке балама негізде жазылып, әр аптаның бейсенбісінде редакцияға келіп, басылымды алады. Әрі редакция аумағынан алыстамай газеттің әр бетін байыппен қарап, тақырып пен тілші-авторлардың мақалаларын бір шолып өтеді.

– «Дендер» газетін сонау жас кезімнен оқимын. Мектепте білім алып, кейін әскер қатарында болып, ауылға келіп еңбек еттік. Еңбек ете жүріп аудандық басылымға жазылып, мақала беретінбіз. Әлі де сол әдетпен зейнетте болсақ та төл басылыммен біргемін. Үдайы жазылып отырамын. Бала-келінім де «Атырау», «Казахстанская правда» газеттеріне жазылды.

Газетті редакциядан алған бойда әр бетін бағамдап, қарап шығамын. Үйге жеткенше қай тақырыптан бастап оқитынымды, қай мақалада қандай мәселе көтерілгендігін ойша зерттеп барамын. Газетте нақты зерттелген мәліметтер жазылады. Газет сонысымен құнды, – дейді Хами Мысыров.

**Ж.НАРИМАНОВА**

Баспасөз-2026

## ТӨЛ ГАЗЕТІҢІЗ ТӨРІҢІЗДЕН ТАБЫЛСЫН!

**ҚАДІРМЕНДІ ОҚЫРМАН!**

2026 жылға аудан айнасы «Дендер» газетіне жазылу жүріп жатыр.

**"Қазпошта" АҚ арқылы**

| | Мекемеге | Жеке адамға |
|---|---|---|
| 6 ай | 3733,60 т | 2369,00 т |
| 12 ай | 7467,20 т | 4738,00 т |

**Индекс: 65578**

*Науқан

# ОТАН АЛДЫНДАҒЫ АБЫРОЙЛЫ БОРЫШ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2012 ЖЫЛҒЫ 16 АҚПАНДАҒЫ «ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫМЕН МЕРЗІМДІ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖЫЛ САЙЫН ЖҮРГІЗІЛЕДІ. АУДАНДА 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕН БАСТАП КҮЗГІ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ НАУҚАНЫ ЖҮРУДЕ.**



Әскерге шақырылушы 18-27 жас аралығындағы азаматтар психологиялық, денсаулық жағдайы бойынша 12 түрлі медициналық тексерістен өтеді.

Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің әскерге шақыру және әскерден тыс жұмыс тобының бастығы капитан Нұрдәулет Шираевтың айтуынша, күні бүгінде 53 сарбаз әскерге аттанған.

– Күзгі әскерге шақыру шекара қызметі, Қарулы күштер, Ұлттық ұлан секілді үш кезеңді қамтиды. Шекара қызметіне ауданға 8, Қарулы Күштер қатарына 32, Ұлттық ұлан қатарына 13 сарбаз аттанды. Қазіргі таңда олар Алматы, Астана, Орал, Жаңаөзен, Ақтөбе, Шымкент, Қызылорда қалаларында әскери борышын өтеуде. Күзгі әскерге шақыру науқаны желтоқсан айының 27-сіне дейін жалғасады, – дейді ол.

Айта кетейік, аудан бойынша әскери есепте 1073 жас болса, оның 80-і күзгі әскерге шақыру маусымына жоспарланған.

**Жадыра НАРИМАНОВА**

*Салық

# АРНАУЛЫ РЕЖИМ ЕНЕДІ

**2026 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ЕЛІМІЗДЕ ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАН АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН АРНАУЛЫ САЛЫҚ РЕЖИМІ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ. БҰЛ ЖАҢА ЖҮЙЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА ЖҰМЫСЫН РЕСМИ ТҮРДЕ ЖҮРГІЗУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ ЖӘНЕ САЛЫҚ ТӨЛЕУ ҮДЕРІСІН ЖЕҢІЛДЕТЕДІ.**

Арнаулы салық режимі – бұл жеке тұлғаларға арналған жеңілдетілген салық жүйесі. Ол арқылы қызметкерлерді жұмысқа алмайтын немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркелгісі келмейтін азаматтар өз қызметін ресми түрде жүргізе алады.

Режимнің негізгі ерекшеліктері:

*жеке кәсіпкер ретінде тіркелудің қажеті жоқ;

*тек бекітілген қызмет түрлеріне ғана қолданылады;

*бухгалтерлік есеп жеңілдетілген, касса есептілігі жүргізілмейді;

*табыс салығы алынбайды, тек 4% әлеуметтік төлем төленеді (зейнетақы, МӘМС және т.б).

2026 жылы режим шамамен 40 қызмет түріне қолданылады. Олардың ішінде такси қызметтері, үйді жалпы тазалау жұмыстары, пошта және курьерлік қызметтер, фотографиялық қызметтер, ауызша және жазбаша аудармашы қызметтері, байланыс құралдарын жөндеу, шаштараз және сұлулық салондары қызметі және тағы басқа түрлері бар.

Кіріс шегі айына 300 АЕК-тен аспауы тиіс, бұл шамамен 1,25–1,3 млн теңгені құрайды. Жаңа арнаулы салық режимі өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар үшін қарапайым әрі тиімді шешім болып табылады.

Арнаулы салық режимі өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға жұмысын ресми түрде жүргізуге мүмкіндік беріп, салық есептілігін жеңілдетеді.

**Г.ӘЗІРҒАЛИЕВА,**
**Индер ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы**

*Олимпиада

# АСТАНАДА ҮМІТТІ АҚТАДЫ



Альмира ҚУАНОВА



Іңкәр БАҚТЫГЕРЕЙ

**АСТАНА ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІ ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАСЫНДА Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕПТІҢ ОҚУШЫСЫ АЛЬМИРА ҚУАНОВА ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ ПӘНІНЕН І ОРЫНДЫ, М.СИРАНОВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕПТІҢ ОҚУШЫСЫ ІҢКӘР БАҚТЫГЕРЕЙ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН ІІ ОРЫНДЫ ЖЕҢІП АЛЫП, ОБЛЫС НАМЫСЫН АСҚАҚТАТТЫ.**

Ш.Уәлиханов атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі Алтынгүл Көшек шәкіртінің жетістігі 3 жылғы тоқтаусыз дайындығының нәтижесі деп санайды. «Альмираның арманы – прокурор болу. Жалпы қоғамда болып жатқан зорлық-зомбылықты, әділетсіздік туралы өз ойын еркін жеткізеді» дейді ол.

– Оқу жылы басында "мен ешқандай олимпиадаларға қатыспаймын, ҰБТ-ға дайындық керек" деп ойлағам. Алайда, бағымды сынап, жоғары балл жинап, 8 сыныптан бергі арманым – республикалық кезеңде жеңімпаз атандым, – дейді Альмира Қуанова.

Ал қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен ІІ орынды еншілеген М.Сиранов атындағы орта мектептің оқушысы Іңкәр Бақтыгерейдің жетекшісі Жеңісгүл Сапарбайқызы:

– Оқушым Іңкәр Бақтыгерей талмай ізденіп, бар күш-жігерін салып дайындалды. Тыңғылықты дайындығының нәтижесінде алдыңғы қатардан көрінді. Республика бойынша 10 сыныптан қатысқан 31 оқушының арасынан озып шығып, күміс жүлде иеленді. Іңкәр өте ізденгіш, жауапкершілігі мол оқушы, –деді.

Айта кетейік, 500-ге жуық оқушы қатысқан олимпиадада 29 оқушы Атырау облысының намысын қорғады.

**Жадыра НАРИМАНҚЫЗЫ**

■ *НАЗАР АУДАР!

# СУБСИДИЯ НОРМАТИВІ ӨСТІ



ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы №108 бұйрығымен бекітілген «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау» қағидаларына **ағымдағы жылғы 20 қарашада** енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, сатып алынған асыл тұқымды мал басының субсидия нормативі өсті. Атап айтқанда:

Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы

Ет және ет-сүт бағытындағы отандық асыл тұқымды тұқымдық бұқа сатып алу - 260 000 теңге;

Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:

2.1. Отандық - 260 000 теңге;

2.2. ТМД елдерінен, Украинадан әкелінген - 390 000 теңге;

2.3. Австралиядан, Солтүстік және Оңтүстік Америка елдерінен, Еуропа елдерінен әкелінген - 525 000 теңге.

Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы

**Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:**

2.1. Отандық - 350 000 теңге;

2.2. ТМД елдерінен, Украинадан әкелінген - 390 000 теңге;

2.3. Австралиядан, Солтүстік және Оңтүстік Америка елдерінен, Еуропа елдерінен әкелінген - 700 000 теңге.

**Қой шаруашылығы**

Отандық асыл тұқымды қой басын сатып алу - 26 000 теңге;

Импортталған асыл тұқымды аналық қой басын сатып алу - 52 000 теңге;

Импортталған асыл тұқымды тұқымдық қошқарлар сатып алу - 260 000 теңге.

Өнімділік бағытындағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу - 175 000 теңге.

Асыл тұқымды тұқымдық түйелер сатып алу - 175 000 теңге.

Ешкілердің асыл тұқымды аналық басын сатып алу – 70 000 теңге.

Асыл тұқымды жануарлардың барлық түрлерін сатып алу бекітілген нормативке дейін, бірақ оның сатып алу құнының 50%-ынан аспайтын мөлшерде субсидияланады.

Бұйрық ағымдағы жылдың 5 желтоқсан күні күшіне енеді және субсидия нормативі аталған күннен бастап өзгереді.

**Субсидия алуға өтінім қабылдау subsidy.plem.kz** ақпараттық жүйесі арқылы ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан 20 желтоқсанына дейін (өтінім сатып алынған сәттен бастап он екі ай ішінде беріледі)) жүргізіледі.

**Индер аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі**
**Индербор кенті АБК ғимараты 3 қабат.**
**Жұмыс телефоны**
**8(712 34) 3 06 55, 3 06 38**

**АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНАН ҚҰРЫЛҒАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАТИВТЕРІНЕ!**

Мал шаруашылығы саласына субсидия алу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер талап етілмейді!

ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы №108 бұйрығымен бекітілген «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау» қағидаларына сәйкес, ауыл тұрғындарынан құрылған ауыл шаруашылығы кооперативтері төмендегі субсидия бағыттары бойынша субсидия алу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер талап етілмейді. **Атап айтқанда:**

- Асыл тұқымды ірі қара мал, тұқымдық қошқарлар, айғырлар, түйелер және ешкінің аналық басын сатып алу кезінде;
- Сиыр сүтінің өндіру құнын арзандатуға;

Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе төндеу кәсіпорындарына өткізілген ірі қара мал мен ұсақ малдың еркек дарақтарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті бағыттағы еркек дарақтар) құнын арзандатуға;

- Мал басын асылдандыру үшін сүтті/сүтті-етті және етті/етті-сүтті бағыттағы асыл тұқымды бұқаның тұқымын сатып алу кезінде.
- Бұл өз кезегінде ауылдық жерлерде мал шаруашылығын және ауыл шаруашылығы кооперативтерінің дамуына мүмкіндік береді.

Субсидия алуға өтінім қабылдау subsidy.plem.kz ақпараттық жүйесі арқылы ағымдағы жылдың 20 қаңтарынан 20 желтоқсанына дейін (өтінім сатып алынған сәттен бастап он екі ай ішінде беріледі) жүргізіледі.

**Индер аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі**
**Индербор кенті АБК ғимараты 3 қабат.**
**Жұмыс телефоны: 8(712 34) 3 06 55, 3 06 38**

**ҚҰРМЕТТІ ТҰРҒЫНДАР!**

«АралСода» ЖШС (2021 жылғы 24 ақпандағы №1251-EL ТПИ барлауға лицензия шекарасында «АралСода» ЖШС өндіру кезеңіне көшу) Атырау облысы Индер ауданындағы Индер көлі кен орнының бөлігінде ас тұзын өндіру операцияларының салдарын жою жоспары бойынша қоғамдық талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттамалармен https://ndbecology.gov.kz/ Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесінде және ЖАО «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-сінің https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?directionId=_17159&lang=kk сайтында танысуға болады.

Қоғамдық талқылаулар 30.12.2025 мен 15.01.2026 ж.ж. аралығында www.ndbecology.gov.kz порталдың сайтында өтеді.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар 30.12.2025 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесінде қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашы: «АралСода» ЖШС, (БСН 150440026384). Қызылорда облысы, Арал ауданы, 120108, Жақсықылыш кенті, Д. Менделеев, көшесі, 1В. Тел. 8-776-669-93-38, e-mail: balzhan.amirova@yasaiholding.com.

Жобалық құжаттаманы әзірлеушісі: «GeoContract» ЖШС-і, Астана қ., Сығанақ к., 43, тел. 8-701-942-57-55.

ҚОҚ бөлімін әзірлеуші: «ECO-D» ЖШС , Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Тимирязев к., 179, НП2, тел. 8-777-148-53-39. e-mail: eco-d@inbox.ru.

Ұсынылған қызмет туралы қосымша ақпаратты қоғамдық талқылаулар барысында алуға, сондай-ақ ұсынылған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін – eco-d@inbox.ru, balzhan.amirova@yasaiholding.com электрондық пошталары арқылы сұратуға болады.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа халықтың қолжетімділігін қамтамасыз етуге жауапты ЖАО: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-сі, Атырау қ., Әйтеке би к-сі, 77, тел. 8 (7122) 35-45-59, atr.priroda@atyrau.gov.kz.

**УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ!**

ТОО «АралСода» проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений по Плану ликвидации последствий операций по добыче поваренной соли на части месторождения озера Индер в Индерском районе Атырауской области (Переход на этап добычи ТОО «АралСода» в границах лицензии на разведку ТПИ №1251-EL от 24 февраля 2021 года).

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале Национального банка данных о состоянии окружающей среды https://ndbecology.gov.kz/ и на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области» https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru.

Публичные обсуждения состоятся с 30.12.2025 года по 15.01.2026 года на сайте портала www.ndbecology.gov.kz.

Все замечания и предложения принимаются с 30.12.2025 года в течение 10 рабочих дней на сайте портала Национального банка данных о состоянии окружающей среды. По истечении данного срока замечания и предложения не принимаются.

Инициатор: ТОО «АралСода» (БИН 150440026384). Кызылординская область, Аральский район, 120108, пос. Жаксыкылыш, ул. Д. Менделеева, 1В. Тел. 8-776-669-93-38, e-mail: balzhan.amirova@yasaiholding.com.

Разработчик проектной документации: ТОО «GeoContract», г. Астана, ул. Сыганак, 43, тел. 8-701-942-57-55.

Разработчик раздела ООС: ТОО «ECO-D» (БИН 240740029438), ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Тимирязева, 179, НП2, телефон 8-777-148-53-39, e-mail: eco-d@inbox.ru.

Можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности, при проведении публичных обсуждений, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности по электронным адресам – eco-d@inbox.ru, balzhan.amirova@yasaiholding.com.

МИО ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области», г. Атырау, ул. Айтеке би, 77, тел. 8 (7122) 35-45-59, atr.priroda@atyrau.gov.kz.

**ҚҰРМЕТТІ ТҰРҒЫНДАР!**

«Аралтұз» АҚ (2022 жылғы 24 ақпандағы №1638-EL ТПИ барлауға лицензия шекарасында «Аралтұз» АҚ өндіру кезеңіне көшуі) Атырау облысы Индер ауданындағы Индер көлі кен орнының бөлігінде ас тұзын өндіру операцияларының салдарын жою жоспары бойынша қоғамдық талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттамалармен https://ndbecology.gov.kz/ Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесінде және ЖАО «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-сінің https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?directionId=_17159&lang=kk сайтында танысуға болады.

Қоғамдық талқылаулар 26.12.2025 мен 13.01.2026 ж.ж. аралығында www.ndbecology.gov.kz порталдың сайтында өтеді.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар 26.12.2025 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесінде қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашы: «Аралтұз» АҚ, (БСН 940140000147). Қызылорда облысы, Арал ауданы, 120108, Жақсықылыш кенті, Д. Менделеев, көшесі, 1В.

Тел. 8-776-669-93-38, e-mail: balzhan.amirova@yasaiholding.com.

Жобалық құжаттаманы әзірлеушісі: «GeoContract» ЖШС, Астана қ., Сығанақ к., 43, тел. 8-701-942-57-55.

ҚОҚ бөлімін әзірлеуші: «ECO-D» ЖШС, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Тимирязев к., 179, НП2, тел. 8-777-148-53-39. e-mail: eco-d@inbox.ru.

Ұсынылған қызмет туралы қосымша ақпаратты қоғамдық талқылаулар барысында алуға, сондай-ақ ұсынылған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін – eco-d@inbox.ru, balzhan.amirova@yasaiholding.com электрондық пошталары арқылы сұратуға болады.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа халықтың қолжетімділігін қамтамасыз етуге жауапты ЖАО: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-сі, Атырау қ., Әйтеке би к-сі, 77, тел. 8 (7122) 35-45-59, atr.priroda@atyrau.gov.kz.

**УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ!**

АО «Аралтуз» проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений по Плану ликвидации последствий операций по добыче поваренной соли на части месторождения озера Индер в Индерском районе Атырауской области (Переход на этап добычи АО «Аралтуз» в границах лицензии на разведку ТПИ №1638-EL от 24 февраля 2022 года).

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале Национального банка данных о состоянии окружающей среды https://ndbecology.gov.kz/ и на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области» https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru.

Публичные обсуждения состоятся с 26.12.2025 года по 13.01.2026 года на сайте портала www.ndbecology.gov.kz.

Все замечания и предложения принимаются с 26.12.2025 года в течение 10 рабочих дней на сайте портала Национального банка данных о состоянии окружающей среды. По истечении данного срока замечания и предложения не принимаются.

Инициатор: АО «Аралтуз» (БИН 940140000147). РК, Кызылординская область, Аральский район, 120108, пос. Жаксыкылыш, ул. Д. Менделеева, 1В. Тел. 8-776-669-93-38, e-mail: balzhan.amirova@yasaiholding.com.

Разработчик проектной документации: ТОО «GeoContract», г. Астана, ул. Сыганак, 43, тел. 8-701-942-57-55.

Разработчик раздела ООС: ТОО «ECO-D» (БИН 240740029438), ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Тимирязева, 179, НП2, телефон 8-777-148-53-39, e-mail: eco-d@inbox.ru.

Можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности, при проведении публичных обсуждений, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности по электронным адресам – eco-d@inbox.ru, balzhan.amirova@yasaiholding.com.

МИО ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области», г. Атырау, ул. Айтеке би, 77, тел. 8 (7122) 35-45-59, atr.priroda@atyrau.gov.kz.

■ БАНК ХАБАРЛАЙДЫ

# КЕЗЕКТІ КОЛЛЕКЦИЯЛЫҚ МОНЕТА

**ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ (БҰДАН ӘРІ – ҚҰБ) «ЖАРАТЫЛЫС СЫРЛАРЫ» МОНЕТАЛАР СЕРИЯСЫНАН MYSYRLYQ TANYM КОЛЛЕКЦИЯЛЫҚ МОНЕТАЛАРЫН АЙНАЛЫСҚА ШЫҒАРДЫ.**

**МОНЕТАЛАР 2025 ЖЫЛҒЫ 3 ЖЕЛТОҚСАННАН БАСТАП ҚҰБ-ТЫҢ HTTPS://KAZCOINS.NATIONALBANK.KZ ИНТЕРНЕТ-ДҮКЕНІ АРҚЫЛЫ САТЫЛУДА.**

MYSYRLYQ TANYM монетасының бейнесі



**Коллекциялық монеталар туралы**

MYSYRLYQ TANYM монетасының дизайны ежелгі Мысыр мен қазіргі заманғы дүниетанымды біріктіреді. Монетаның тантал бөлігінде – Мысыр құдайлары, күміс бөлігінде – технология символдары мен олардың трансформациясы бейнеленген.

Бірнеше құрамнан тұратын MYSYRLYQ TANYM коллекциялық монетасында күрделі технология қолданылған. 925 сынамалы күмістен жасалған монетаның тантал қондырмасы бар. Монетаның жалпы массасы – 162,2 грамм, дайындау сапасы – «proof», номиналы – 2000 теңгелік, дайындау таралымы – 400 (төрт жүз) дана.

Коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өздерінің белгіленген құнына сай төлемдердің барлық түрі бойынша қабылдануға, сондай-ақ елдің барлық банкінде банк шоттарына есепке алынуға, аударуға, ұсақталуға және айырбасталуға жатады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды.

**«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі»**
**РММ Атырау филиалының**
**қолма-қол ақшамен**
**жұмыс және кассалық операциялар бөлімі**

# ОЛАР МӘҢГІ ЖАДЫМЫЗДА



Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін елден тысқары жүрген қандастарымыздың атажұртқа оралуына кең жол ашылды. Сол кезде ауданымызға мемлекеттік квотамен Қарақалпақстан елінен 5 отбасы көшіп келген еді. Солардың бірі **Қорғанбай Қалилаұлы Ұлмағамбетов** болатын.

Ол 1957 жылы 26 желтоқсанда Қарақалпақстан елінің Шымбай қаласында дүниеге келді. Ауылдағы орта мектепті аяқтаған соң кәсіптік-техникалық училищеден тракторшы мамандығын игерді. Тарихи отанына оралған соң 2004 жылы Индербор кентіндегі халықты сумен қамту мекемесіне жұмысқа орналасты. Сол кезде «Индерводоканал» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны аталған мекемеде алдымен күзетші, кейін жөндеуші қызметіне кірісті. Мекемедегі жұмысшылармен етене араласа жүріп, өзіне жүктелген міндетті де әрдайым жауапкершілікпен атқара білді.

Қорғанбай Қалилаұлы 1978 жылы Гүлара Тоғызбайқызы Қоспановамен шаңырақ көтеріп, өмірге 3 қыз, 2 ұл келді. «Орнында бар – оңалар» дегендей, бүгінде артында қалған ұрпағы өсіп келеді.

Амал қанша, тағдыр жібі тым ерте, кенеттен үзілді. Біз бірге еңбек еткен әріптесті, марқұмды сағынышпен еске аламыз.



Ауданның ауыз сумен қамту саласында ұзақ жылдар бойы аянбай еңбек еткен азаматтардың бірі **Алдықов Сафидолла Нығыметұлы** болатын.

Ол Индербор кентінде 1958 жылдың 30 қазанында дүниеге келді. Кенттегі С.Сейфуллин атындағы орта мектепті 1975 жылы аяқтап шықты. Алғаш еңбек жолын Индер борат кеңішінде ағаш шеберінің көмекшісі болып бастады. 1976-1978 жылдары Отан алдындағы әскери борышын абыройлы өтеп келді. Ауылға оралған соң борат кеңішінде тәжірибе учаскесіне электрослесарь болып орналасты. Болашағынан мол үміт күттірер жасты кеніш басшылығы Саратов қаласындағы механикалық техникумға оқуға жолдамамен жіберді. Оқуды 1982 жылы ойдағыдай аяқтап шыққан соң кеніштегі қызметін қайта жалғастырды.

Ал 1986 жылдың қазан айынан бастап, еңбек өтілі ауданда сумен қамту саласымен тікелей байланысты. Кенттегі сумен қамту мекемесіне учаске шебері болып, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында еселі еңбек етті. 1996 жылы бұл учаскеде «Ақ Жайық» кәсіпорны болып қайта құрылғанда да осы мекеменің сумен қамту учаскесінің шебері болып, қызметін жалғастырды. Ал 1998 жылдан бастап осы мекеменің негізінде қайта құрылған «С.Байбосынов» жеке кәсіпорнының, 1999 жылдан «Прогресс» КМК және 2006 жылдан «Индерводоканал» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның бас инженері болып, қызметін абыроймен атқарған болатын.

Сафидолла Нығыметұлы ауданның су шаруашылығында түйткілді түйіндерді шешуге сүбелі үлесін қосқан тәжірибесі мен біліктілігі мол маман еді. Әрі өзінің азаматтық тұлғасымен, биік адамгершілік келбетімен танылған азамат жігіт болатын.

Ол өмірлік серігі болған Ағыриспен отау құрып, ұлы мен қыздарын тәрбиелеп, өсірген өнегелі отбасы иесі атанды.

Уақытында ерен еңбегімен еленген жанның бүгінде арамызда жоқтығы, ол туралы өткен шақпен айтуға тура келіп тұрғаны өкінішті-ақ. Арыстай азаматтың жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады.

**«ИндерСу» КМК ұжымы**



Әулетімізге түскен орны толмас қайғымызға ортақтасып, демеу болған барша ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жаран, көршілерге, ұжымдастарға, нағашы-жиендерге алғысымызды білдіре отырып, қимас бауыр, асыл жар, ардақты әке, немере-жиендерінің сүйікті атасы **Бақтыгереев Айболат Тұрланұлының** 40 күндік қадесі 28 желтоқсан күні "Хан" мейрамханасында өтетінін хабарлаймыз.

**Бақтыгереевтар әулеті**



Шаңырағымызға түскен орны толмас қайғымызға ортақтасып сүйеу болған барша ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-құрдастарға, көршілерге, ұжымдастарға, нағашы-жиендерге алғысымызды білдіре отырып, ардақты әкеміз, немере-жиендерінің атасы **Оразов Орақ Сиғуатұлының** 100 күндік қадесі 27 желтоқсан күні Индербор кенті, Болашақ мөлтек ауданы, 1 көше, 7-үйде өтетінін хабарлаймыз.

**Оразовтар әулеті**



Қадірменді бауыр, аяулы ұл, асыл жар, ардақты әке **Молдағалиев Мұратбек Айдынғалиұлының** жыл толу қадесіне арналған дұға дастарханы 20 желтоқсан күні сағат 12:00-де Өрлік ауылы, «Бақыт» мейрамханасында жайылатынын хабарлаймыз.

**Өтебаевтар әулеті**

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Біздің редакция арқылы облыстық «Атырау», «Прикаспийская коммуна» және облыстағы аудандық газеттерге жарнамаларыңызды шығаруға болады. Ол үшін жарнама бөліміне хабарласа аласыз.

**Телефон: 2-11-42**

Ракушеблок жеткізіп беруімен.
**Тел. 87012265016, 87760765016** (19-18)